

ата-аналар бірігін балалармен саяхатқа шығып туған өлкенің табиғатымен тыныстайды.

Балаларға патриоттық тәрбие беруде мақал-мәтелдер, жұмбақ-жанылпапштардың орны ерекше. Ертегілер, аңыз-әңгімелерді қолдану арқылы мектепке дейінгі балалардың ерлік, батырлық сезіміне күштарлығын арттыруға болады.

Балалардың адамгершілік, үлкендер еңбегін қадірлеу, туған қаласын, өз отбасын, өз Отанын құрметтеуге деген сезімдерін оята отырып, балабақшада «Еліміздің рәміздері», «Тәуелсіздік тұғыры», «Елімізді қорғаған ерлер», «Ынтымақтастық күні», «Наурыз-думан» мерекелік іс-шаралар өткізілді.

– Өз отбасына, балабақшасына, туған қаласына, көшесіне сүйіспеншілігін арттыру.

– Табиғатқа қамқорлықпен қарау.

– Еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу.

– Қазақ халқының салт-дәстүріне қызығушылықпен қарау. Мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Балабақша балаларының бойында осы құндылықтарды қалыптастыру барысында тұлғаның қалыптасу қуаты арта түседі. Ізгілікті, елсүйгіштік тұлға ғана жалпы адамзаттық құндылықтарды өз елінің қажетіне жаратарлық азамат болып тәрбиеленеді.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨРІМІЗДЕ

Топтың іші мереке күніне сай безендірілген. Төргі қабырғада Қазақстанның Мемлекеттік туы мен елтаңбасы бейнеленген. Үстел үстіндегі вазаларға гүл шоқтары қойылған. Төбеде түрлі түсті шарлар, жалаушалар ілінген. Сол жақ қабырғада Республика президенті Н.Ә. Назарбаевтың портреті, ал, оң жақ қабырғада Желтоқсан құрбандары Қ. Рысқұлбеков, Л. Асанованың суреттері ілінген.

**Сабактың мақсаты:** Желтоқсан құрбандарының ерлігі туралы айту. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға әңгімелету. Балаларды елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.

